

## Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

### Жылдың соңы

**Баланың аты –жөні:** Қорқытбай Алдияр

**Туған жылы:** 02.10.2020жыл

**Топ:** «Жауқазын»

**Мақсаты:**

Бала дамуының негізгі психикалық процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, сөйлеу, есте сақтау, эмоциялық-ерік және моторлық даму) зерттеу, жеке ерекшеліктерін анықтау және түзету бағыттарын белгілеу.

р/с	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p><b>Зейін мен қабылдауды анықтау</b>                      Мақсаты: назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау.                      - «Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету                      - «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу                      - «Пішіндерді біріктірі» — түстер мен пішіндерді жұптау                      - «Қатесін тап» — суреттегі ұсақ қателерді табу.</p>	<p>Барлық артық затты тапты.                       Жақсы                       Сәйкестендірді.                       Суреттегі барлық қатені тапты, арасында шатасу болды.</p>
2	<p><b>Есте сақтауды тексеру</b>                      Мақсаты: қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау.                      -«4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату.                      - «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, сағат, доп, машина.)</p>	<p>4 жол өлеңнің 3 жолын толық айтты.                      8 сөзден 6 сөзді есте сақтады.</p>
3	<p><b>Сөйлеу және ойлау дамуы</b>                      Мақсаты: сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау.                      -«Сурет бойынша әңгіме құрастыру»                      -«Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін)                      -Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен–кіші, жылы–суық)                      - «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ойыншықтар)</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме бір сөзбен қысқаша айтты.                      Заттар не үшін керек екенін айтып бере алды.                      Біледі                       Барлығын топтастырды</p>
4	<p><b>Ұсақ моторика</b>                      Мақсаты: саусақ қозғалысын, үйлесімділігін бағалау.                      -Суреттерді сәйкестендір.                      - Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру.                      -Нейрожаттығу орындау.</p>	<p>Сәйкестендірді.                      Түстерді ұяшықтарына дәл түсіруге тырысты, кіші ұяшықтарға түсіруге қиналды.                      Қызығушылықпен орындады, кей кездері еріншектік байқалады.</p>
5	<p><b>Эмоциялық-ерік аймағы</b>                      Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау.</p>	

	-«Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды. -«Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау	Барлығын дұрыс қойып шықты. Эмоцияларды көрсетті, бірақ қай жағдайда болатынын түсіндіріп бере алмады.
6	<b>Әлеуметтік бейімделу</b> Максаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау. -Тапсырма кезінде белсенділігі - Көмек сұрай ма, жоқ па - Қарым-қатынасқатүсуі	Қызығушылықпен орныдады, бірақ алаңдаушылық бар. Тапсырма орындау кезінде ойы бөлек болады. Зейінін көп бөліп отырғысы келмейді. Көңіл –күйге байланысты.

### Даму деңгейі:

**Танымдық даму деңгейі – орташа.** Алдияр зейін мен қабылдауға арналған тапсырмаларды жақсы орындады. Артық заттарды анықтап, ұқсас суреттерді сәйкестендірді, пішіндер мен түстерді жұптай алды. Суреттегі қателерді тапқанымен, кейбір жағдайда шатасу байқалды. Зейіннің тұрақтылығы жеткілікті болғанымен, тапсырма орындау барысында алаңдаушылық кездеседі.

**Есте сақтау қабілеті орташа деңгейде дамыған.** Ұсынылған төрт жол өлеңнің үш жолын толық айтып берді, сегіз сөздің алтауын есте сақтап қайталады.

**Сөйлеу және ойлау дағдылары қалыптасу үстінде.** Заттардың қызметін түсіндіре алады, қарама-қарсы ұғымдарды біледі және заттарды дұрыс топтастырды. Алайда сурет бойынша әңгіме құрастыру кезінде ойын толық жеткізе алмай, қысқа жауаптармен шектелді. Бұл байланыстырып сөйлеу және сөздік қорын одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

**Ұсақ моторикасы жеткілікті деңгейде дамыған.** Тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытты, бірақ ұсақ және дәл қимылдарды қажет ететін жұмыстарда қиындықтар байқалды.

**Эмоциялық-ерік саласында** эмоцияларды таниды және ажырата алады. Дегенмен эмоциялардың пайда болу себептерін түсіндіруде қиналады. Кей жағдайда еріншектік пен көңіл-күйіне тәуелділік байқалады.

**Әлеуметтік бейімделуі.** Қанағаттанарлық деңгейде. Ересектермен қарым-қатынасқа түседі, тапсырмаларға қызығушылық танытады. Алайда зейінінің тұрақсыздығы мен алаңдаушылығы жұмыс сапасына әсер етеді.

### Ұсыныстар

-Зейін тұрақтылығын дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды жүйелі түрде жүргізу.

-Қысқ амәтіндерді, тақпақтарды жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

-Суреттер бойынша әңгіме құрастыру, ертегі мазмұнын айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

-Саусақ жаттығулары, мозаика, сурет салу, ермексазбен жұмыс жасау арқылы ұсақ моториканы дамыту.

Эмоцияларды түсіну және оларды сөзбен жеткізуге бағытталған ойындарды қолдану.

-Тапсырмаларды соңына дейін орындауға ынталандырып, дербестігін қалыптастыру.

-Күнделікті режимді сақтап, баланың қызығушылығын ескере отырып танымдық әрекеттерге тарту.

-Педагог пен ата-ананың бірлескен қолдауы арқылы баланың зейінін шоғырландыру және сөйлеу белсенділігін арттыру жұмыстарын жалғастыру.

**Қорытынды:** Алдиярдың даму көрсеткіштері жас ерекшелігіне сәйкес келеді, алайда зейіннің тұрақтылығын, байланыстырып сөйлеуін, есте сақтауын және эмоцияларын сөз арқылы жеткізу дағдыларын дамыту бойынша қосымша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

**Зерттелген күні: 28.04.2026 жыл.**

**Педагог-психолог Каменова Жанар Забинолловна**